

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, өзара сақтандыру қоғамдарының және Қазақстан Республикасының бейрезидент - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 28 маусымдағы № 149 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 05 қыркүйекте № 8596 тіркелді.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2024 № 85 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 63) тармақшасына, "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 6-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2024 № 85 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, өзара сақтандыру қоғамдарының және Қазақстан Республикасының бейрезидент - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2024 № 85 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. "Жалпы сақтандыру" және "өмірді сақтандыру" салаларындағы сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша операциялардың бухгалтерлік есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2008 жылғы 28 қарашадағы № 97 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5421 тіркелген, 2008 жылғы 31 желтоқсанда "Заң газеті" газетінде № 197 (1423) жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлттық Банк
Төрағасы

Г. Марченко

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, өзара сақтандыру қоғамдарының және Қазақстан Республикасының бейрезидент - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулық

Ескерту. Нұсқаулық жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2024 № 85 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, өзара сақтандыру қоғамдарының және Қазақстан Республикасының бейрезидент - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 63) тармақшасына, "Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 6-тармағының 2) тармақшасына, "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Сақтандыру қызметі туралы заң) 52-3-бабына, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес әзірленді және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, өзара сақтандыру қоғамдарының және Қазақстан Республикасының бейрезидент - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының (бұдан әрі – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары) бухгалтерлік есепті жүргізуін нақтылайды.

2. Нұсқаулықта Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, "Сақтандыру қызметі туралы", "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы", "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасының заңдарында және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарында көзделген ұғымдар пайдаланылады.

3. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, өзара сақтандыру қоғамдары және Қазақстан Республикасының бейрезидент - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары (бұдан әрі – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары) бухгалтерлік есепті жүргізген кезде "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына, өзара сақтандыру қоғамдарына және Қазақстан Республикасының бейрезидент - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдарына арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне бухгалтерлік есепті жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 251 қаулысына (Нормативтік

құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16390 болып тіркелген) сәйкес шоттар қолданылады.

Клиенттердің сақтандыру ұйымдарының инвестициялық басқаруындағы активтерінің бухгалтерлік есебін жүргізу кезінде "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына, өзара сақтандыру қоғамдарына және Қазақстан Республикасының бейрезидент - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдарына арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне бухгалтерлік есепті жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 251 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16390 болып тіркелген) сәйкес баланстан тыс шоттар қолданылады.

4. Бухгалтерлік есепті жүргізуді регламенттейтін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының ішкі құжаттарында көзделген тәртіпте "Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптарына қайшы келмейтін бөлікте қосымша бухгалтерлік жазбаларды жасауға рұқсат етіледі.

Шетел валютасындағы операциялардың сомасын валюталық позицияның шоттарын және шетел валютасының контр құнын пайдалана отырып көрсетуге рұқсат етіледі. Сыйақы түріндегі кіріс пен шығыс "Қаржы құралдары" 9 (IFRS) халықаралық қаржылық есептілік стандартына сәйкес пайыздың тиімді мөлшерлемесі әдісін пайдалана отырып танылады.

1-бөлім. Қаржы құралдары мен аффинирленген бағалы металдардың бухгалтерлік есебі

2-тарау. Бағалы қағаздармен операциялардың бухгалтерлік есебі

1-параграф. Өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша есепке алынатын сатып алынған борыштық бағалы қағаздарды есепке алу

5. "Өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар" санатына сыныпталған борыштық бағалы қағаздарды сатып алған кезде (мәміле бойынша шығыннан тұратын сатып алу құнына) мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) авансты брокерге аударған кезде:

Дт	1610 02	Брокерлермен есеп айырысу
Кт	1060 61	Ағымдағы шоттағы ақшалай қаражат (зейнетақы активтері) (инвестициялық шот);

2) мәміле бойынша шығынды ескере отырып, сатып алынған борыштық бағалы қағаздың таза құнына (оның номиналды құнынан аспайтын сомаға):

--	--	--

Дт	1120 01	Өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері
Кт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақшалай қаражат
	1610 02	Брокерлермен есеп айырысу;

3) борыштық бағалы қағазды сатып алуға байланысты шығынды қамтитын сыйлықақы сомасына:

Дт	1120 03	Өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша есепке алынатын сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы
Кт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақшалай қаражат
	1610 02	Брокерлермен есеп айырысу;

4) дисконт (жеңілдік) сомасына:

Дт	1120 01	Өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері
Кт	1120 02	Өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша есепке алынатын сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт;

5) алдыңғы ұстаушылар есептеген сыйақы сомасына:

Дт	1270 04	Алдыңғы ұстаушылар бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақы
Кт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақшалай қаражат
	1610 02	Брокерлермен есеп айырысу;

6) борыштық бағалы қағаздарды сатып алу бойынша мәміле сомасы (мәміле бойынша шығынды ескере отырып) олардың әділ құнынан асып кеткен жағдайда:

Дт	7470 10	Бағалы қағаздарды сатып алудан-сатудан шығыс
Кт	1120 02	Өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша есепке алынатын сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт
	1120 03	Өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша есепке алынатын сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы;

7) борыштық бағалы қағаздарды әділ құны олардың сатып алу бойынша мәміле сомасынан асып кеткен жағдайда:

Дт	1120 02	Өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша есепке алынатын сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт
	1120 03	Өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша есепке алынатын сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы
Кт	6280 09	Бағалы қағаздарды сатып алу-сатудан кіріс.

6. Өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша есепке алынатын сатып алынған борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақыны есептеген кезде ұйымның есеп саясатында белгіленген кезеңділікпен есептелген сыйақы сомасына мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	1270 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кіріс
Кт	6110 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы алуға байланысты кіріс.

7. Өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша есепке алынатын сатып алынған борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйлықақы немесе дисконт (жеңілдік) амортизациясы кезінде ұйымның есеп саясатында белгіленген кезеңділікпен мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) сыйлықақы амортизациясының сомасына:

Дт	7310 02	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйлықақы амортизациясына байланысты шығыс
Кт	1120 03	Өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша есепке алынатын сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы;

2) дисконттың (жеңілдіктің) амортизациясы сомасына:

Дт	1120 02	Өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша есепке алынатын сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт
Кт	6110 03	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша дисконт

амортизациясына байланысты кіріс.

8. Нұсқаулықтың 6 және 7-тармақтарына сәйкес сыйақы және сыйлықақы немесе дисконт (жеңілдік) амортизациясы есептелгеннен кейін өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша бағаланатын сатып алынған борыштық бағалы қағаздарды ұйымның есеп саясатында белгіленген кезеңділікпен әділ құны бойынша қайта бағалау жүргізіледі және мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

егер борыштық бағалы қағаздардың әділ құны олардың есептік құнынан жоғары болса:

Дт	1120 04	Өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету
Кт	6150 01	Өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздардың құны өзгеруінен кіріс ;

егер борыштық бағалы қағаздардың есептік құны олардың әділ құнынан жоғары болса:

Дт	7470 03	Өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздардың құны өзгеруінен шығыс
Кт	1120 05	Өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету;

борыштық бағалы қағаздардың әділ құнын есептелетін оң немесе теріс түзету сомасына:

Дт	1120 05	Өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету
Кт	1120 04	Өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету.

9. Өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша есепке алынатын, құны валюталардың айырбастау бағамы бойынша шетел

валютасында көрсетілген борыштық бағалы қағаздарды қайта бағалау кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

валюталардың айырбастау бағамы ұлғайған кезде оң бағамдық айырма сомасына:

Дт	1120 01	Өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері
	1120 03	Өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша есепке алынатын сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы
	1120 04	Өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету
	1270 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кіріс
	1270 04	Алдыңғы ұстаушылар бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақы
Кт	6250 02	Шетел валютасын қайта бағалаудан кіріс;

бір мезгілде, теріс бағам айырмасының сомасына:

Дт	7430 02	Шетел валютасын қайта бағалаудан шығыс
Кт	1120 02	Өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша есепке алынатын сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт
	1120 05	Өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету;

валюталардың айырбастау бағамы теріс бағамдық айырма сомасына азайған кезде:

Дт	7430 02	Шетел валютасын қайта бағалаудан шығыс
Кт	1120 01	Өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері
	1120 03	Өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны

		бойынша есепке алынатын сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы
	1120 04	Өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету
	1270 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кіріс
	1270 04	Алдыңғы ұстаушылар бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақы;

бір мезгілде, оң бағам айырмасының сомасына:

Дт	1120 02	Өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша есепке алынатын сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт
	1120 05	Өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету
Кт	6250 02	Шетел валютасын қайта бағалаудан кіріс.

10. Өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша есепке алынатын сатып алынған борыштық бағалы қағаздар бойынша эмитенттен есептелген сыйақы алған кезде алынған сыйақы сомасына мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	1030	Ағымдағы шоттардағы акшалай қаражат
Кт	1270 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кіріс
	1270 04	Алдыңғы ұстаушылар бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақы.

11. Өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша есепке алынатын сатып алынған борыштық бағалы қағаздарды сату кезінде Нұсқаулықтың 6, 7 және 9-тармақтарына сәйкес сыйақы, сыйлықақы немесе дисконт (жеңілдік) амортизациясы есептелгеннен және борыштық бағалы қағаздарды әділ құны бойынша қайта бағалағаннан кейін мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) амортизацияланбаған сыйлықақы сомасына:

		Өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны
--	--	---

Дт	1120 01	бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері
Кт	1120 03	Өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша есепке алынатын сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы;

2) амортизацияланбаған дисконт (жеңілдік) сомасына:

Дт	1120 02	Өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша есепке алынатын сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт
Кт	1120 01	Өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері;

3) борыштық бағалы қағаздарды сату бойынша жасалған мәміле сомасына:

Дт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақшалай қаражат
Кт	1120 01	Өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері
	1270 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кіріс
	1270 04	Алдыңғы ұстаушылар бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақы;

4) өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша есепке алынатын борыштық бағалы қағаздарды сату бойынша жасалған мәміле сомасы олардың есептік құнынан асып кеткен жағдайда, айырма сомасына:

Дт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақшалай қаражат
Кт	6280 09	Бағалы қағаздарды сатып алудан-сатудан кіріс;

5) өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша есепке алынатын борыштық бағалы қағаздардың есептік құны оларды сату бойынша жасалған мәміле сомасынан асып кеткен жағдайда айырма сомасына:

Дт	7470 10	Бағалы қағаздарды сатып алудан-сатудан шығыс
Кт	1120 01	Өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері

	2030 01	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтері.
--	---------	--

12. Эмитент өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша есепке алынатын борыштық бағалы қағаздарды өтеген кезде Нұсқаулықтың 6, 7 және 9-тармақтарына сәйкес сыйақы, сыйақы немесе дисконт (жеңілдік) амортизациясы есептелгеннен және борыштық бағалы қағаздар әділ құны бойынша қайта бағаланғаннан кейін мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

эмитенттен түскен ақша сомасына:

Дт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақшалай қаражат
Кт	1120 01	Өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері
	1270 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кіріс
	1270 04	Алдыңғы ұстаушылар бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақы.

2-параграф. Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын сатып алынған борыштық бағалы қағаздарды есепке алу

13. "Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар" санатына сыныпталған борыштық бағалы қағаздарды сатып алу кезінде (мәміле бойынша шығынды қамтитын сатып алу құнына) мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) брокерге авансты аудару кезінде:

Дт	1610 02	Брокерлермен есеп айырысу
Кт	1060 61	Ағымдағы шоттағы (инвестициялық шот) ақшалай қаражат (зейнетақы активтері);

2) мәміле бойынша шығынды ескере отырып, сатып алынған борыштық бағалы қағаздың таза құнына (оның номиналдық құнынан аспайтын сомаға):

Дт	1140 01	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері
	2030 01	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтері

Кт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақшалай қаражат
	1610 02	Брокерлермен есеп айырысу;

3) борыштық бағалы қағазды сатып алуға байланысты шығынды қамтитын сыйлықақы сомасына:

Дт	1140 03	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын сатып алынған қаржы активтері бойынша сыйлықақы
	2030 03	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын сатып алынған ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы
Кт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақшалай қаражат
	1610 02	Брокерлермен есеп айырысу;

4) дисконт (жеңілдік) сомасына:

Дт	1140 01	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері
	2030 01	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтері
Кт	1140 02	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын сатып алынған қаржы активтері бойынша дисконт
	2030 02	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын сатып алынған ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт;

5) алдыңғы ұстаушы есептеген сыйақы сомасына:

Дт	1270 04	Алдыңғы ұстаушылар бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақы
Кт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақшалай қаражат
	1610 02	Брокерлермен есеп айырысу.

14. Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын сатып алынған борыштық бағалы қағаздар бойынша ұйымның есеп саясатында белгіленген кезеңділікпен сыйақыны есептеген кезде есептелген сыйақы сомасына мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

--	--	--

Дт	1270 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кіріс
Кт	6110 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы алуға байланысты кіріс.

15. Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын сатып алынған борыштық бағалы қағаздар бойынша ұйымның есеп саясатында белгіленген кезеңділікпен сыйлықақыны немесе дисконтты (жеңілдікті) амортизациялау кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) сыйлықақы амортизациясының сомасына:

Дт	7310 02	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйлықақы амортизациясына байланысты шығыс
Кт	1140 03	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын сатып алынған қаржы активтері бойынша сыйлықақы
	2030 03	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын сатып алынған ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы;

2) дисконт (жеңілдік) амортизациясы сомасына:

Дт	1140 02	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын сатып алынған қаржы активтері бойынша дисконт
	2030 02	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын сатып алынған ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт
Кт	6110 03	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша дисконт амортизациясына байланысты кіріс.

16. Нұсқаулықтың 14 және 15-тармақтарына сәйкес сыйақыны және сыйлықақы немесе дисконт (жеңілдік) амортизациясын есептегеннен кейін басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын сатып алынған борыштық бағалы қағаздарды ұйымның есеп саясатында белгіленген кезеңділікпен әділ құны бойынша қайта бағалау жүргізіледі және мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

егер борыштық бағалы қағаздардың әділ құны олардың есептік құнынан жоғары болса:

		Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке
--	--	--

Дт	1140 04	алынатын қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету
	2030 04	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету
Кт	5440	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерін қайта бағалауға арналған резерв;

егер борыштық бағалы қағаздардың есептік құны олардың әділ құнынан жоғары болса:

Дт	5440	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерін қайта бағалауға арналған резерв
Кт	1140 05	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету
	2030 05	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету;

борыштық бағалы қағаздардың әділ құнын есептелген оң немесе теріс түзету сомасына:

Дт	1140 05	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету
	2030 05	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету
Кт	1140 04	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету
	2030 04	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету.

17. Эмитенттен басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын сатып алынған борыштық бағалы қағаздар бойынша есептелген сыйақыны алған кезде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

алынған сыйақы сомасына:

--	--	--

Дт	1030	Ағымдағы шоттардағы акшалай қаражат
Кт	1270 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кіріс
	1270 04	Алдыңғы ұстаушылар бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақы.

18. Нұсқаулықтың 14, 15 және 16-тармақтарына сәйкес сыйақы, сыйлықақы немесе дисконт (жеңілдік) амортизациясы есептелгеннен және борыштық бағалы қағаздарды әділ құны бойынша қайта бағалағаннан кейін басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын сатып алынған борыштық бағалы қағаздарды сатқан кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын борыштық бағалы қағаздар бойынша амортизацияланбаған сыйлықақы сомасына:

Дт	1140 01	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері
	2030 01	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтері
Кт	1140 03	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын сатып алынған қаржы активтері бойынша сыйлықақы
	2030 03	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын сатып алынған ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы;

2) басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын борыштық бағалы қағаздар бойынша амортизацияланбаған дисконт (жеңілдік) сомасына:

Дт	1140 02	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын сатып алынған қаржы активтері бойынша дисконт
	2030 02	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын сатып алынған ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт
Кт	1140 01	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері

	2030 01	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтері;
--	---------	--

3) басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын борыштық бағалы қағаздарды сату бойынша жасалған мәміле сомасына:

Дт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақшалай қаражат
Кт	1140 01	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері
	1270 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кіріс
	1270 04	Алдыңғы ұстаушылар бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақы
	2030 01	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтері;

4) басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын борыштық бағалы қағаздарды сату бойынша жасалған мәміле сомасы олардың есептік құнынан асып кеткен жағдайда, айырма сомасына:

Дт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақшалай қаражат
Кт	6280 09	Бағалы қағаздарды сатып алудан-сатудан кіріс;

5) басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын борыштық бағалы қағаздардың есептік құны оларды сату бойынша жасалған мәміле сомасынан асып кеткен жағдайда, айырма сомасына:

Дт	7470 10	Бағалы қағаздарды сатып алудан-сатудан шығыс
Кт	1140 01	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері
	2030 01	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтері;

б) басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын борыштық бағалы қағаздарды қайта бағалаудан кіріс сомасына:

Дт	5440	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке
----	------	--

		алынатын қаржы активтерін қайта бағалауға арналған резерв
Кт	6150 03	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша кіріс;

7) басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын борыштық бағалы қағаздарды қайта бағалаудан шығыс сомасына:

Дт	7470 06	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша шығыс
Кт	5440	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерін қайта бағалауға арналған резерв.

19. Эмитент Нұсқаулықтың 14, 15 және 16-тармақтарына сәйкес сыйақы, сыйлықақы немесе дисконт (жеңілдік) амортизациясы есептелгеннен және борыштық бағалы қағаздарды әділ құны бойынша қайта бағалағаннан кейін басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын және өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша есепке алынатын борыштық бағалы қағаздарды өтеген кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын борыштық бағалы қағаздар эмитентінен түскен ақша сомасына:

Дт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақшалай қаражат
Кт	1140 01	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері
	1270 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кіріс
	1270 04	Алдыңғы ұстаушылар бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақы
	2030 01	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтері;

2) басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын борыштық бағалы қағаздарды қайта бағалаудан кіріс сомасына:

Дт	5440	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерін қайта бағалауға арналған резерв

Кт	6150 03	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша кіріс;
----	---------	--

3) басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын борыштық бағалы қағаздарды қайта бағалаудан шығыс сомасына:

Дт	7470 06	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша шығыс
Кт	5440	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерін қайта бағалауға арналған резерв.

3-параграф. Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын сатып алынған борыштық бағалы қағаздарды есепке алу

20. Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын борыштық бағалы қағаздарды сатып алу кезінде (мәміле бойынша шығынды қамтитын сатып алу құнына) мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) брокерге авансты аудару кезінде:

Дт	1610 02	Брокерлермен есеп айырысу
Кт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақшалай қаражат;

2) мәміле бойынша шығынды ескере отырып, сатып алынған борыштық бағалы қағаздың таза құнына (оның номиналдық құнынан аспайтын сомаға):

Дт	1130 01	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері
	2020 01	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтері
Кт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақшалай қаражат
	1610 02	Брокерлермен есеп айырысу;

3) борыштық бағалы қағазды сатып алуға байланысты шығынды қамтитын сыйлықақы сомасына:

Дт	1130 03	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы
	2020 03	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын сатып алынған ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы

Кт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақшалай қаражат
	1610 02	Брокерлермен есеп айырысу;

4) дисконт (жеңілдік) сомасына:

Дт	1130 01	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері
	2020 01	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтері
Кт	1130 02	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт
	2020 02	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын сатып алынған ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт;

5) алдыңғы ұстаушы есептеген сыйақы сомасына:

Дт	1270 04	Алдыңғы ұстаушылар бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақы
Кт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақшалай қаражат
	1610 02	Брокерлермен есеп айырысу;

6) борыштық бағалы қағаздарды сатып алу бойынша мәміле сомасы (мәміле бойынша шығынды қамтитын сатып алу құны) олардың әділ құнынан асып кеткен жағдайда:

Дт	7470 10	Бағалы қағаздарды сатып алудан-сатудан шығыс
Кт	1130 02	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын, сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт
	1130 03	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын, сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы
	2020 02	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын, сатып алынған ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт
	2020 03	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын, сатып алынған ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы;

7) борыштық бағалы қағаздардың әділ құны оларды сатып алу жөніндегі мәміле сомасынан асып кеткен жағдайда:

Дт	1130 02	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын, сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт
	1130 03	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын, сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы
	2020 02	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын, сатып алынған ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт
	2020 03	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын, сатып алынған ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы
Кт	6280 09	Бағалы қағаздарды сатып алу-сатудан кіріс.

21. Ұйымның есеп саясатында белгіленген кезеңділікпен амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын сатып алынған борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақыны есептеу кезінде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	1270 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кіріс
Кт	6110 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы алуға байланысты кіріс.

22. Ұйымның есеп саясатында белгіленген кезеңділікпен амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын сатып алынған борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйлықақыны немесе дисконтты (жеңілдікті) амортизациялау кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) сыйлықақы амортизациясы сомасына:

Дт	7310 02	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйлықақы амортизациясына байланысты шығыс
Кт	1130 03	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын, сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы
	2020 03	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын, сатып алынған ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы;

2) дисконттың (жеңілдіктің) амортизациясы сомасына:

Дт	1130 02	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын, сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт
	2020 02	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын, сатып алынған ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт
Кт	6110 03	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша дисконт амортизациясына байланысты кіріс.

23. Құны валюталардың айырбастау бағамы бойынша шетел валютасында көрсетілген, амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын борыштық бағалы қағаздарды қайта бағалау кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) оң бағамдық айырма сомасына:

Дт	1130 01	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері
	1130 03	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын, сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы
	1270 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кіріс
	1270 04	Алдыңғы ұстаушылар бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақы
	2020 01	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтері
	2020 03	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын, сатып алынған ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы
Кт	6250 02	Шетел валютасын қайта бағалаудан кіріс;

бір мезгілде, теріс бағам айырмасының сомасына:

Дт	7430 02	Шетел валютасын қайта бағалаудан шығыс
Кт	1130 02	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын, сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт
	2020 02	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын, сатып

алынған ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт;

2) теріс бағам айырмасының сомасына:

Дт	7430 02	Шетел валютасын қайта бағалаудан шығыс
Кт	1130 01	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері
	1130 03	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын, сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы
	1270 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кіріс
	1270 04	Алдыңғы ұстаушылар бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақы
	2020 01	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтері
	2020 03	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын, сатып алынған ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы;

бір мезгілде, оң бағам айырмасының сомасына:

Дт	1130 02	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын, сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт
	2020 02	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын, сатып алынған ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт
Кт	6250 02	Шетел валютасын қайта бағалаудан кіріс.

24. Эмитент амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын борыштық бағалы қағаздар бойынша есептелген сыйақыны өтеген кезде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

төленген сыйақы сомасына:

Дт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақшалай қаражат
Кт	1270 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кіріс
	1270 04	Алдыңғы ұстаушылар бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақы.

25. Нұсқаулықтың 21 және 22-тармақтарына сәйкес сыйақы және сыйлықақы немесе дисконт (жеңілдік) амортизациясы есептелгеннен кейін амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын борыштық бағалы қағаздарды сату кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) амортизацияланбаған сыйлықақы сомасына:

Дт	1130 01	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері
	2020 01	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтері
Кт	1130 03	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын, сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы
	2020 03	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын, сатып алынған ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы;

2) амортизацияланбаған дисконт (жеңілдік) сомасына:

Дт	1130 02	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын, сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт
	2020 02	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын, сатып алынған ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт
Кт	1130 01	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері
	2020 01	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтері;

3) амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын борыштық бағалы қағаздарды сату бойынша жасалған мәміле сомасына:

Дт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақшалай қаражат
Кт	1130 01	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері
	1270 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кіріс
	1270 04	Алдыңғы ұстаушылар бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақы

	2020 01	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтері;
--	---------	---

4) амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын борыштық бағалы қағаздарды сату бойынша жасалған мәміле сомасы олардың есептік құнынан асып кеткен жағдайда, айырма сомасына:

Дт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақшалай қаражат
Кт	6280 09	Бағалы қағаздарды сатып алудан-сатудан кіріс;

5) амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын борыштық бағалы қағаздардың есептік құны оларды сату бойынша жасалған мәміле сомасынан асып кеткен жағдайда, айырма сомасына:

Дт	7470 10	Бағалы қағаздарды сатып алудан-сатудан шығыс
Кт	1130 01	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері
	2020 01	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтері.

26. Эмитент Нұсқаулықтың 21 және 22-тармақтарына сәйкес сыйақы және сыйақы немесе дисконт (жеңілдік) амортизациясы есептелгеннен кейін амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын борыштық бағалы қағаздарды өтеген кезде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

борыштық бағалы қағаздар эмитентінен түскен ақша сомасына:

Дт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақшалай қаражат
Кт	1130 01	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері
	1270 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кіріс
	1270 04	Алдыңғы ұстаушылар бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақы
	2020 01	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтері.

4-параграф. Ұйым айналысқа шығарған борыштық бағалы қағаздарды есепке алу

27. Ұйым айналысқа шығарған борыштық бағалы қағаздарды орналастыру кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) орналастырылған борыштық бағалы қағаздың таза құнына (шығындарды ескере отырып) (оның номиналды құнынан аспайтын сомаға):

Дт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақшалай қаражат
Кт	4030 07	Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар;

2) борыштық бағалы қағазды сатып алуға байланысты шығынды қамтитын сыйлықақы сомасына:

Дт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақшалай қаражат
Кт	4030 09	Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша сыйлықақы;

3) дисконт (жеңілдік) сомасына:

Дт	4030 08	Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша дисконт
Кт	4030 07	Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар.

28. Ұйым айналысқа шығарған борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақыны ұйымның есеп саясатында белгіленген кезеңділікпен есептеу кезінде сыйақы сомасына мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	7310 01	Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыс
Кт	3380 01	Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша сыйақы.

29. Ұйым айналысқа шығарған борыштық бағалы қағаздар бойынша ұйымның есеп саясатында белгіленген кезеңділікпен сыйақы немесе дисконт (жеңілдік) амортизациясы кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) сыйлықақы амортизациясының сомасына:

Дт	4030 09	Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша сыйлықақы
Кт	6110 02	Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша сыйлықақы амортизациясына байланысты кіріс;

2) дисконттың (жеңілдіктің) амортизация сомасына:

Дт	7310 01	Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыс
Кт	4030 08	Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша дисконт.

30. Ұйым айналысқа шығарған борыштық бағалы қағаздар бойынша есептелген сыйақыны өтеу кезінде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

төленген сыйақы сомасына:

--	--	--

Дт	3380 01	Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша сыйақы
Кт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақшалай қаражат.

31. Ұйым айналысқа шығарған борыштық бағалы қағаздарды Нұсқаулықтың 28 және 29-тармақтарына сәйкес сыйақы, сыйақы және дисконт (жеңілдік) амортизациясы есептелгеннен кейін өтеу кезінде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

төленген ақша сомасына:

Дт	3380 01	Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша сыйақы
	4030 07	Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар
Кт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақшалай қаражат.

32. Ұйым бұрын айналысқа шығарған борыштық бағалы қағаздарды Нұсқаулықтың 28 және 29-тармақтарына сәйкес сыйақы және сыйлықақы немесе дисконт (жеңілдік) амортизациясы есептелгеннен кейін сатып алған жағдайда, мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) амортизацияланбаған сыйлықақы сомасына:

Дт	4030 09	Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша сыйлықақы
Кт	4030 07	Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар;

2) амортизацияланбаған дисконт (жеңілдік) сомасына:

Дт	4030 07	Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар
Кт	4030 08	Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша дисконт;

3) борыштық бағалы қағаздарды сатып алу бойынша жасалған мәміле сомасына:

Дт	3380 01	Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша сыйақы
	4030 10	Сатып алынған бағалы қағаздар
Кт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақшалай қаражат;

4) борыштық бағалы қағаздарды сатып алу бойынша жасалған мәміле сомасы олардың есептік құнынан асып кеткен жағдайда, айырма сомасына:

Дт	7470 10	Бағалы қағаздарды сатып алу-сатудан шығыс
Кт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақшалай қаражат;

5) есептік құны борыштық бағалы қағаздарды сатып алу бойынша жасалған мәміле сомасынан асып кеткен жағдайда, айырма сомасына:

Дт	4030 10	Сатып алынған бағалы қағаздар

Кт	6280 09	Бағалы қағаздарды сатып алу-сатудан кіріс.
----	---------	--

33. Ұйым айналысқа шығарған, бұрын сатып алынған борыштық бағалы қағаздар өткізілген жағдайда, мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) өткізілген борыштық бағалы қағаздар сомасына (олардың номиналдық құнынан аспайтын сомаға):

Дт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақшалай қаражат
Кт	4030 10	Сатып алынған бағалы қағаздар;

2) сыйлықақы сомасына:

Дт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақшалай қаражат
Кт	4030 09	Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша сыйлықақы;

3) дисконт (жеңілдік) сомасына:

Дт	4030 08	Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша дисконт
Кт	4030 07	Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар.

5-параграф. Өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша бағаланатын немесе басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын сатып алынған үлестік бағалы қағаздарды есепке алу

34. Өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша есепке алынатын немесе басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын үлестік бағалы қағаздарды сатып алу кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) брокерге авансты аудару кезінде:

Дт	1610 02	Брокерлермен есеп айырысу
Кт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақшалай қаражат;

2) мәміле бойынша шығынды ескере отырып, сатып алынған үлестік бағалы қағаздың таза құнына:

Дт	1120 01	Өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері
	1140 01	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері
	2030 01	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке

		алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтері
Кт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақшалай қаражат
	1610 02	Брокерлермен есеп айырысу;

3) үлестік бағалы қағаздарды сатып алу жөніндегі мәміле сомасы олардың әділ құнынан асып кеткен жағдайда:

Дт	7470 10	Бағалы қағаздарды сатып алу-сатудан шығыс
Кт	1120 01	Өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері
	1140 01	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері
	2030 01	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтері;

4) үлестік бағалы қағаздардың әділ құны оларды сатып алу жөніндегі мәміле сомасынан асып кеткен жағдайда:

Дт	1120 01	Өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері
	1140 01	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері
	2030 01	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтері
Кт	6280 09	Бағалы қағаздарды сатып алу-сатудан кіріс.

35. Өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша бағаланатын және басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын үлестік бағалы қағаздар бойынша тиесілі дивидендтерді есептеу кезінде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	1270 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кіріс
Кт	6120	Дивидендтер бойынша кіріс.

36. Өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша бағаланатын немесе басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын сатып алынған үлестік бағалы қағаздарды ұйымның есеп саясатында белгіленген кезеңділікпен әділ құны бойынша қайта бағалау кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша есепке алынатын үлестік бағалы қағаздар бойынша:

егер үлестік бағалы қағаздардың әділ құны олардың есептік құнынан жоғары болса:

Дт	1120 04	Өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету
Кт	6150 01	Өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздардың құны өзгеруінен кіріс ;

егер үлестік бағалы қағаздардың есептік құны олардың әділ құнынан жоғары болса:

Дт	7470 03	Өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздардың құны өзгеруінен шығыс
Кт	1120 05	Өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету;

үлестік бағалы қағаздардың әділ құнын есепке алынатын оң немесе теріс түзету сомасына:

Дт	1120 05	Өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету
Кт	1120 04	Өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету;

2) басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын үлестік бағалы қағаздар бойынша:

егер үлестік бағалы қағаздардың әділ құны олардың есептік құнынан жоғары болса:

Дт	1140 04	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке
----	---------	--

		алынатын қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету
	2030 04	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету
Кт	5440	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерін қайта бағалауға арналған резерв;

егер үлестік бағалы қағаздардың есептік құны олардың әділ құнынан жоғары болса:

Дт	5440	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерін қайта бағалауға арналған резерв
Кт	1140 05	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету
	2030 05	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету;

үлестік бағалы қағаздардың әділ құнын есептелетін оң немесе теріс түзету сомасына

:

Дт	1140 05	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету
	2030 05	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету
Кт	1140 04	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету
	2030 04	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету.

